



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Метафизика философиясы



Метафизика философиясы. Идеализм түрлері, Метафизика мен Телеология, Логикалық атомизм метафизикасы, Идеализмнің түрлері.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ең ықпалды философтар, көбінесе, идеалистер болатын. Бұл – Германиядағы трансцендентті идеализмнің шарықтау тұсы, бұл кезеңде Фихте, Шеллинг пен Гегель өздерінің Ғаламды абсолютты сананың дамып жатқан тарихы ретінде түсіндіретін теорияларын паш еткен болатын. Дегенмен абсолютті идеализміне барынша сынмен қарағандардың өздері идеализмнің басқа формасына – Берклидің эмпирикалық идеализміне сенуге тиіс болды. Бұл ұстанымға сай, болу дегеніміз – қабылдау. Англияда Джон Стюарт Милль және Германияда Артур Шопенгауэр – екеуі де Берклидің тәжірибелер әлемі тек қана идеялардан тұрады деген тезисін негізге алды, екеуі де Берклидің материя теориясын оның теологиялық негізінен бөліп алуға тырысады.

Милльдің ойынша, біздің физикалық объектілер біз оларды қабылдасамыз та болмыста сақтала береді деген сеніміміз оларды келешекте қабылданады деп үнемі күтуге арқа сүйейді. Милль материяны «сезудің тұрақты мүмкіндігі» ретінде сипаттайды, ол бізге сыртқы әлем – бірін-бірі белгілі бір мәнерде ауыстырып отыратын ықтимал сезімдердің әлемі деп түсіндіреді.

Джон Стюарт Милль – британ философы, социолог, экономист және саяси қайраткер. Джереми Бентамның шәкірті.

«Ерік және Идея ретіндегі» әлем еңбегінде Шопенгауэр былай деді: «Әлем дегеніміз – менің идеям». Әлемдегі барлық нәрсе тек субъектіге арналған объект ретінде орын алады, яғни объектінің болмысы – тек санаға тәуелді.

Артур Шопенгауэр – неміс философы. Иррационализм бағытының ең танымал ойшылы, мизантроп.

Әлем дегеніміз – адам әлемі. Шопенгауэрдің ұстанымының негізі осы. Ол айтады: «Әлем дегеніміз – менің идеям: міне – әрбір тірі және танымдық қабілеті бар әрбір тіршілік етушіге қатысты ақиқат осы. Адам ғана бұл танымын рефлексиялық-абстрактілі ұғынуға дейін жеткізе алады, нәтижесінде ол заттар мен құбылыстарға деген философиялық көзқарасты қалыптастырады. Ол күнді де, жерді де, білмейтінін, оның шынайы білетіні – тек қана күнді көретін көзі мен жерді ұстап сезетін қолы екендігі ол үшін анық және түсінікті болған кезде, оны қоршаған әлем тек идея ретінде бар екендігі, яғни тек адамның өзі – ұғынушыға қатысты орын алатыны анық та, күмәнсіз болып шығады. Сонымен таным үшін бар нәрселердің бәрі, яғни осы әлемнің барлығы тек танушының танымына арналған, субъект үшін объект, яғни идея деген пікір бұл ойшылдар үшін еш күмәнсіз және дәлелдеуді талап етпейтін ұстаным болды.

«Әлем – менің идеям» деген пікірі нені білдіреді? Ең алдымен, бұл субъект өз ілімдерінің танушыға байланысты және соған тәуелді екендігін алға тартатын идеядан асып кете алмайды. Сондықтан, егер «біз не білеміз?» деген сұраққа келгенде дәйекті болғымыз келсе (басқаша айтқанда өзі біліміміздің объективтілігі, ақиқаттылығы турасында сенімді болғымыз келсе), онда біздің қолымыздан келетін бар нәрсе – біз әлемнің өзін емес, өз көзімізді, қолымызды, құлағымызды ғана тікелей білеміз деген жауаппен келісуге мәжбүр боламыз.

Алайда бұл дұрыс ұстаным болса, онда біз әлемде көретін: кеңістік, уақыт, себептілік сияқты «объективті реттілік» нені білдіреді? Бұл уақыт, кеңістік, себептілік дегендеріміз – тек біздің идеямыздың формалары ғана деген сөз бе? Ия, дәл солай, деп сендірді Шопенгауэр. Мұны дәлелдеу үшін Шопенгауэр біздің «объектіні танымай, көрмей жатып, тек субъектіге арқа сүйей отырып», аталған идея формаларын тани білу қабілетімізді атайды: яғни біз қандай да бір заттық-құбылыстық негіздеусіз-ақ, уақытты да, кеңістікті де, себептілікті де ойлай аламыз.

Сонымен, әлем дегеніміз – менің әлемім, мен оны өзімінің елестету қабілеттілігім қаншалықты көруге мүмкіндік бергеніне қарай көріп, танымын. Бірақ әлем дегеніміз – тек менің ғана әлемім емес қой, ол менен тәуелсіз де, өз бетінше бар болуға қабілетті, икемсіз. Әлемнің тәуелсіздігі мен оның объективті шындығы туралы ғылым да дәлел келтіреді: «табиғатты бақылап, зерттеу, мынадай сенімді гипотезаға алып келеді: материяның әрбір жоғары ұйымдасқан күйі уақыт барысында өзінен ұйымдасу деңгейі төмен нәрседен шығатыны, мысалы, жануарлар адамдарға дейін болғаны, балықтар құрлықтағы жануарлардан әлдеқайда ұзақ өмір сүргендігі, балықтардан өсімдіктер ертерек пайда болғаны, неорганикалық дүние көбіне органикалық нәрселерден бұрын болғаны, демек, алғашқы көз ашылып, жан-жағына қарағанша, ол ұзақ үдерісті бастан өткеру қажет болған».



Олай болса, әлемнің идея ретіндегі сипаты екіжақты және қарама-қайшы, бұл сипаттамада барлығы тұрақты, дәлелді, реттелген, бірақ сонымен қатар шартты, тұрақсыз және жоғалуға бейім. Әлем – өз алдына бір болмыс, ол объективті және оның шынымен де болуы даусыз. Оның өз тарихы бар, ол басталғанда біз болған да жоқпыз және уақыты келгенде қайтадан болмаймыз. Дегенмен алғашқы ашылған көзге (мейлі, ол тіпті ең ұсақ жәндіктікі болсын), бүкіл әлемнің болмысы тәуелді. Себебі әлем өзінің әлем екендігі туралы ештеңе білмейді. Ол әлем болуы үшін оған танымдық қасиеті бар тіршілік иесі қажет. Субъект пен объектіге қақ айрылған болмыс үнемі құрамдастардан тұрады. Ол әлемде барлық нәрсе басқа нәрсе және басқа біреу арқылы орын алады дегенді білдіреді. Мұны түсінудің ең оңай жолы – уақытты мысалға келтіру. Уақыттағы әрбір сәт өзіне дейінгі сәтті жою арқылы іске асады. Ол өзін тудырған нәрсенің үстін басып, әрі қарай өзін жойып, үстін басатын сәтке орын беруге асығады; ...өткен шақ пен келер шақ (өз мазмұнының нәтижесін ескермегенде) кез келген түс сияқты болымсыз, мардымсыз, ал қазіргі шақ олардың арасындағы тұрақсыз бір шекара сияқты...»

Екінші жағынан, егер әлемнің болмысы идея сияқты қарама-қайшылыққа толы болса, онда осындай қайшылықтардың болуы субъект пен объектіні тікелей, таныммен аралықтандырмай-ақ түйістіріп, әлдебір ортақ нүктені іздеу қажеттілігін білдіреді. Субъект пен объект арасындағы алып тастауға болмайтын факт «әлемнің ішкі мәнін, өзіндік затты идеяның жоғарыда аталған екі элементінен тыс, идеядан мүлде өзгеше дүние арқылы іздеуге мәжбүрлейді».

Түпнегізді осылайша іздеу бағыты мынаған байланысты. Субъект объектімен тек аралықтандырылған ғана байланыста болмайды, себебі субъектінің өзі – «таза танымның абстрактілі субъекті ғана емес», осы әлеммен өз тәні байланыстыратын осы әлемнің бір құрамдасы: танушы-Мен – ең алдымен тәні бар Мен. Ол ерік сияқты көрініс тауып, қалаулары мен іс-әрекеттері орын алса да, бірдеңеге ұмтылып, азап шексе де осындай тәндік болмысынан ажыратылмайды. Ал еріктің өзі, бірдеңені қалау – үнемі объектіге бағытталу, бірдеңеге ұмтылған ерік. Осы жағдайды ескеретін болсақ, Шопенгауэрдің бастапқы ұстанымы – яғни әлемнің субъект пен объектіге қатыстылық бөліну принципі – басқа бір ұстанымға ауысады: «Қалаймын, демек, бармын». Бұл менің ішкі болмысымның, субъективті шындықтың (еріктің) объективті ақиқатпен (денемен) сай болатын тәжірибенің жалғыз ортақ нүктесі.

Шопенгауэр Канттан кеңістік пен уақыт және себептілік кез келген тәжірибеге дейінгі біздің санамызда интуиция арқылы ұғынылған әрбір объектінің міндетті және универсал формалары екендігі туралы идеяны қабыл алды. Уақыт пен кеңістік сезінудің априорлы формалары болып табылады, ал себептілік – ұғынудың априорлы, яғни тәжірибеге дейінгі формасы.

Әлем тек субъект үшін болады деген тезис парадоксқа жетелейді. Шопенгауэр тарихқа қатысты эволюциялық көзқарасты қабыл алды: Жануарлар адамдарға дейін болған, балықтар құрлықтағы жануарларға дейін болған және өсімдіктер балықтарға дейін болған. Алғашқы көз әлемді көргенше ол бірқатар ұзақ түрленуден өтті.

Шопенгауэрдің «Ерік пен идея ретіндегі әлем» атты екінші кітабы жаратылыстану ғылымдарын қарастырудан басталады. Олардың кейбірі, мысалы ботаника мен зоология түрлердің тұрақты формаларын зерттейді; басқасы, мысалы механика мен физика түрлі құбылыстарды түсіндіруді мақсат тұтады. Олар инерция мен гравитация сияқты табиғат заңдарын түсіндіріп, кеңістік пен уақыт өлшеміндегі феноминдердің жағдайын анықтайды. Бірақ бұл заңдар табиғат күштерінің ішкі болмысы турасында, мысалы, материя, салмақ, инерция, т.б., яғни олардың тұрақтылығын түсіндіруге қажетті сипаттамалары турасында ешқандай мәлімет бермейді. Тас жерге не себепті құлайды немесе бір дене басқасын не себепті итереді – бұл күштерде, жануарлардың қозғалыстары мен өсуін іске асыратын үдерістері сияқты қызықты әрі тылсым дүние. Өз қызығушылығын идеялар мен шектейтін ғылыми зерттеу бізді қанағаттандырмайды. Біз бұл идеялардың мәнін білгіміз келеді. Бұл әлем жай ғана идея ма? – деген сұрақ қоямыз; олай болса біздің бұл әлемдегі болмысымыз назар салуға тұрмайтын түс немесе елес сияқты «жанымыздан» өтіп кеткендей болады. Ал егер бұл әлем жай ғана идея болмаса ше, онда ол не?» деген сұрақ туындайды. Егер біз жай ғана білуші құлдар – қанаты бар хирувим немесе періштелер болсақ, біз бұл мәселеде ешқайда жылжымас едік. Бірақ біз бұл әлемге денемізбен байланысқан болмыспыз. Бұл әлем жайлы білім маған тәнім арқылы келеді, бірақ менің тәнім – жай ғана ақпарат құралы емес, ол басқа объект арасындағы объект; ол белсенді агент және мен оны санаммен ұғынамын. Менің еркім – менің болмысымды түсінудің кілті, ол маған менің әрекеттерімнің ішкі механизмдерін түсіндіреді.



Менің денемнің қозғалыстары менің еркімнің себебінен туындайтын салдар емес: менің қозғалыстарым мен еркім бір-біріне пара-пар. Адамның әрбір ерікті іс әрекеті – тікелей оның денесінің қозғалысы. Адам ағзасына қатысты әсер ету, ерікке ықпал ету болып табылады; егер ерікпен келісілген болса, олар ұнамды. Егер олар адам еркіне қарсы болса, олар ауырсынуды, жақтырмауды тудырады. Біздің әрқайсымыз өзін объект ретінде де, еріктің иесі – субъект ретінде де ұғынады. Бұл табиғаттағы әрбір құбылыстың, феноменнің мәнін ұғынуға жетелейді. Егер біз күнделікті, әдеттегі және ғылыми таным аясында өз еркіміздің және басқа нәрселердің қасиеттерін де ерік бостандығын анықтап түсіндіре алмайтын болсақ, біз мұның бәрінің негізінде ортақ бірдене бар екенін ұғынуымыз қажет және оны тек біздің өз еркіміздің тұрғынысынан түсінуге болатын дүние – бұл Шопенгауэрдің ойы. Егер осы түпнегізгі тылсым дүние (соның ішінде біздің өз еркімізде бар) анықтауға және түсіндіруге келмейтін феномен болса, ол соқыр әрі бейсаналы болады. Мұндай соқырлықтың үлгісін табиғаттан көреміз. Соқыр ұмтылыс ретіндегі ерік табиғат динамикасын түсіндіретін принципке айналады. Демек, осы соқыр ерік табиғаттың құрылымдық толықтығын айқындайды.

Шопенгауэрдің ерік концепциясы – барлық бүтін мен барлық дараның түпнегізі, орталығы, ол табиғаттың әрбір соқыр әрекет етуші күшінде көрініс табады. Платонның идеализмі мен үнді мистицизмінің үйлесімі Шопенгауэрдің жүйесіне бірегей метафизикалық көрініс береді. Алайда оның ілімі ешқашан басқа философтардың мектеп ашып оның жолын қууға жетелемеді.

Шын мәнінде Шопенгауэрдің мистикалық идеализмі Дарвиннің эволюциялық натурализмінен тым алшақ жатыр және метафизика жайлы дәрісте Дарвин сияқты биологтың есімін атау орынсыз да болып көрінуі мүмкін. Бірақ Дарвиннің теориялары жалпы себептілік теориясы үшін өте маңызды рөлге ие. Метафизиканы алғаш болып жүйелеп шыққан Аристотель мұны себептің төрт түрі тұрғысынан орындады. Олар: материалдық себептер, формальдық себептер, әрекет етуші немесе өндіруші себептер және ақырғы себептер. Ақырғы себеп – құрылым мен іс-әрекеттің мақсаты немесе аяғы. Ақырғы себеп – құрылым немесе іс-әрекеттің мақсаты немесе ақыры. Ақырғы себептер терминдері тұрғысынан түсіндіру – телеологиялық деп аталады.

Аристотель – ежелгі грек философы.

Аристотельдің іс-әрекеттер мен құрылымдардың телеологиялық түсіндірмелерінің екі ерекшелігі бар: олар заттарды олардың бастауы емес, мақсаттары тұрғысынан түсіндіреді және мұндағы сілтеме – игілік ұғымы. Мәселен, Аристотель ауыр денелердің төмен қарай құлауын денелердің өздерінің табиғи жеріне ұмтылуымен түсіндірсе, аспан денелерінің дөңгелек шебермен қозғалуы жоғары құдыретке деген махаббаттың себебінен іске асады.

Декарт физика мен биологиядағы телеологиялық түсіндірмелерді қолдануды теріске шығарды. Әрбір физикалық қозғалыс пен іс-әрекетті түсіндіру механистік сипатта болуы тиіс; яғни ол ақырғы себептермен емес, ақырғы себептерден туындайды. Сол себепті бұл жағдайлар бағалау терминдерімен емес, сипаттау терминдерімен жеткізілуі тиіс. Декарт өз пікірін растау үшін ешқандай дәлел келтірген жоқ. Оның тезисі тікелей гравитациялық тартылуды да, аристотельдік аспан денелерінің биін де терістеді.

Аристотель телеологиясына соққы берген Декарт емес, Ньютон мен Дарвин болды, олар оның басты екі құрамдас элементін қиратты. Ньютонның да гравитациясы, Аристотельдің қозғалысы сияқты соңғы нүктеге сілтеме жасау арқылы түсіндіріледі: Гравитация – ортаға қарай шабу күші, оның көмегімен денелер өзара тартылады немесе орталық нүктеге қарай ұмтыла түседі. Бірақ Ньютонның түсіндірмесі Аристотельдікінен мүлде өзгеше. Ол денелердің орталық нүктеге қарай ұмтылуының құндылықты сипатын ескермейді. Себебі денеде оған себеп боларлық құндылық мақсат жоқ.

Чарлз Роберт Дарвин – ағылшын натуралисі және саяхатшысы, ойшыл, эволюция теориясының және дарвинизм бағытының негізін қалаушы.

Ал Дарвиннің табиғи іріктеу тұрғысынан берген түсініктемесі, Аристотельдің түсініктемесіне бір жағынан ұқсас: себебі үдерістің түсіндіруге тиіс ақырғы нүктесі немесе есептелуі тиіс құрылымның күрделілігі, сол ағза үшін пайдалы бірдеңе болуы тиіс. Бірақ Аристотельден ерекшелігі – Дарвин үдерістер мен құрылымдарды ақырғы күй мен жетілдірілген құрылым ретінде емес, жүйе мен оның айналасындағы бастапқы жағдайлардың қысымы тұрғысынан түсіндіреді. Эволюциялық ілім – тірі организмдердің эволюциялық дамуының себептері мен қозғаушы күштері – олардың механизмдері және жалпы заңдылықтары туралы ілім болып табылады.



Дарвиннің жақтастары ақырғы себептерді іздеуден бас тартқан жоқ. Керісінше, қазіргі таңдағы биологтар құрылым мен мінез-құлықтарға қатысты, өздерінің Декарт пен Дарвин кезіндегі әріптестерінен анағұрлым көбірек біледі және нәтижелі еңбек етуде. Дарвиннің мұндағы елеулі еңбегі сол – ол телеологиялық түсіндірменің әбден орынды екендігін көрсетіп, оны механистік формаларға өткізуге қатысты ортақ амалды ұсынды. Мұндағы жетістік – барлық себептерді механизмге ғана ығыстырмау. Бұдан әрі іс-әрекет немесе құрылымның ағзаға беретін пайдасы G деп анықталған кезде, олар өздерін әрі қарайғы қиналусыз «ағза G үшін эволюцияға ұшырады» деп түсіндіретін болды, яғни бұл Аристотель телеологиясын механистік сыртқы ықпалдың күшімен түсіндіруге көмек көрсетті.

Осы тұста біз логикалық атомизмге де назар аударсақ.

Витгенштейннің «Философиялық трактатында» метафизика логикамен тығыз байланысқан. Кітаптың басым бөлігі тіл табиғатына арналғанымен, оның ең бастапқы беттер әлем табиғатына арналған топтамалардан құралады. Тарихи да, логикалық та тұрғыда оның әлем туралы тезистері Витгенштейннің тіл туралы тезистеріне тәуелді. Олар өздігінен қызығуға тұрарлық метафизикалық жүйені ұсынады.

Людвиг Йозеф Иоганн Витгенштейн – аустриялық философ және логик, аналитикалық философия өкілі, XX ғасырдың ең көрнекі философтарының бірі

Объектілер қарапайым және бөліктерден құралмайды, бірақ олар кешендерге бірігуі мүмкін.

Позитивистердің пікірінше, философияның шынайы міндеті – универсалды философиялық пропозицияларды құру емес, философиялық емес пайымдарды айқындау – бұл жағынан олар Витгенштейнмен ортақ пікірді ұстанды. Осындай түсіндірменің таңдаулы әдісі: эмпирикалық пайымдар тәжірибенің тікелей жазбалары болатын қарапайым немесе «хаттамалық» пайымдарға ақиқатты-функционалды негізделіп, қалай құрылатынын көрсету. Хаттамалық пайымдарда кездесетін сөздердің мәні көрнекі анықтамадан, яғни осы сөз тағайындалған тәжірибе ерекшелігін білдіретін ишараттан туады.

Бұл бағдарлама орасан бір кедергіге тап болды. Хаттамалармен жазылған тәжірибе әр адам үшін дербес сияқты. Егер мән-мағына верификацияға тәуелді болып, әрқайсымыз осы верификацияны бізден басқа ешкімнің қолжетімділігі жоқ процессор көмегімен жүзеге асыратын болсақ, онда бір адам басқа адамның ойын қалай түсінбек? Шлик бұл мәселені форма мен мазмұнның арасындағы айырмашылық арқылы шешпек болды. Менің тәжірибемнің мазмұны – маған ұнайтын немесе басымнан өтетін нәрселер, мысалы, мен қызыл бірдеңені немесе жасыл бірдеңені көремін. Бұл менің дербес және басқаға жеткізе алмайтын тәжірибем. Бірақ тәжірибенің формасы немесе құрылымы көпшілік үшін ортақ болуы мүмкін. Мен ағашты немесе күннің батуын көрген кезде дәл осы нәрселерді көріп тұрған басқа адамдар менің ішкі сезімдеріммен бірдей сезімді бастан өткере ме, жоқ па – мен мұны біле алмаймын, бәлкім, олар ағашқа қарап тұрып, мен күннің батқанына қарап тұрғандағы сезімді сезінетін шығар. Дегенмен біздің бәріміз ағашты жасыл, ал күннің батысын қызыл деп санауға келісіп тұрсақ, біз бір-бірімізбен байланыс жасап, ғылым тілін құруды жалғастыра береміз.